



Азамат Аужанов:

"Қала қыс ортасында жылусыз қалмайды"

Облыстық "Қостанай таңы" газетінің "Басшыға бес сұрақ" айдары жалғасуда. Бұл жолы "Қостанай жылу-энергетикалық компаниясы" басшысының міндетін атқарушы Азамат Аужанов оқырмандардан келіп түскен сауалдарға жауап береді. Құрметті оқырман, сіздің де көкейіңізде мазалаған сұрағыңыз болса, бізге жолдаңыз, Whatsapp +7 771 213 72 02.

Сералы МЫРЗАБАИ

– Қалада жылу желілерінің тозу деңгейін айтып өтсеңіз? Жаңарту жұмысы жайлы да тоқталып өтсеңіз.

– Қостанай жылу-энергетикалық компаниясының балансында 249 шақырым жылу желісі бар. Оның 38,3 шақырымы магистральдық, ал 210,7 шақырымы кварталшілік желілер. Былтыр 5,7 шақырым желіге қайта құру және күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Сондай-ақ, ұзындығы 21,5 шақырым болатын желі оқшауланып, қалыпқа келтірілді. Биыл да осы бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, 5,4 шақырым жылу желісі қайта жаңартылды. Мұның сыртында күрделі жөндеу жүргізілді. Осы жөндеу жұмыстарын іске асыру нәтижесінде желілердің тозу деңгейі 63,1 пайыздан 59,9 пайызға дейін төмендеді. Мұның сыртында, бюджет қаражаты есебінен магистральдық және кварталшілік жылу желілерін көктемгі және күзгі қысыммен тексеру жұмысы атқарылды. Сондай-ақ, 36 бірлік бекіту арматурасы орнатылды. Ол қаланы толық ыстық судан ажыратпай, тек апат болған орындар ғана оқшаулап, жұмыс істеуге мүмкіндік береді,

– Тұрғындардың жылуға қарызы қанша теңге және оны өндіру жұмысы қалай жүріп жатыр?

– Кәсіпорын бойынша дебиторлық берешек 1 млрд теңгеден астам. Егер өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырсақ 32% өсті. Дебиторлық қарыздың өсуі жылумен жабдықтау және ыстық сумен жабдықтау тарифінің көтерілуімен, тұтынушы санының 4,5 пайызға артуымен және тұтынушылардың төлем тәртібінің болмауымен байланысты. Жылуаралық кезеңде біз берешекті өндіріп алу бойынша күшейтілген жұмыс жүргіздік. Борышкерлерге 1 258,2 млн теңге сомасына 5 564 хабарлама жіберілді (2023 жылмен салыстырғанда 7 есе көп). Сотқа және нотариустарға 728,54 млн теңге сомасына 1 514 өтініш берілді. Бүгінде 163,5 млн теңге сомасына 1 044 акт шығарылды және 48,3 млн теңге сомасына 97 акт орындалды. Біздің бақылаушылар борышкерлерді күнделікті аралап, қарызды өтеу қажеттілігі туралы хабарлайды. Қасақана төлемейтіндер бойынша жаз бойы жеке сот орындаушыларын тарта отырып рейд өткізілді.

– Компанияның жобалары жайлы айтып берсеңіз.

– Жыл сайын жылыту маусымына дайындық мақсатымен кәсіпорын жөндеу науқанын өз қаражаты есебінен,

сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырады. Қостанай қаласының ЖЭО мазут шаруашылығын қайта жаңарту бойынша әзірленген жобаны қаржыландыру мақұлданды және алдын ала қолдау тапты, құны 1 456,3 млн теңге. Биылғы жылдың соңында келер жылға бағытталған жөндеу жұмыстарын іске асыру үшін мемлекеттік сатып алу жүргізілетін болады. Сонымен қатар, облыс орталығын үздіксіз жылумен қамту үшін Қостанай ЖЭО-2 үшін қосымша жабдықтарды сатып алу және құрылыс-монтаж жұмыстарына облыстық бюджеттен ақша бөлінетін болды. Биылға жоспарланған 24 жобаны іске асыруға 4 938,7 млн теңге көзделген. Оның тоғыз жобасы кәсіпорынның өз қаржысы есебінен іске асып жатыр. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2022 жылы Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде айтылған желілер мен құаттардың тозуын 15%-ға төмендетуді қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау үшін алдағы жылдарға арналған жөндеу науқанына дайындық бойынша дәйекті жұмыстар жүргізілуде. Жалпы сомасы 8 974,8 млн теңгеге 10 жоба әзірленді, оның ішінде жалпы сомасы 6 039,9 млн теңгеге ұзындығы 4,966 шақырым магистральдарды реконструкциялау бойынша 6 жоба, сондай-ақ жалпы сомасы 2 934,9 млн теңгеге жылу көздері бойынша 4 жоба әзірленді. Осы жобалар бойынша қаржыландыруға бюджеттік өтінімдер берілді. Жақын арада шамамен 750 млн теңге сомаға тағы 5 жоба (4 – жылу көздері бойынша, 1 – магистральдық желілер бойынша) әзірленетін болады. Болашақта "Қостанай қаласының ЖЭО жаңғырту және кеңейту" ТЭН 41,1 млн теңге сомасына әзірленуде. Бұл электр энергиясын өндіруді 12-ден 24 МВт-қа дейін ұлғайтуға, сондай-ақ жылу энергиясын өндіруді ұлғайту мақсатында қолданыстағы тозған жабдықтарды жаңғыртуға мүмкіндік береді.

– Тариф бағасы қымбаттауы мүмкін бе? Оны тұрақтандырып ұстап тұру компанияны қарызға батырып жібермей ме?

– Тарифтік сметада шығындардың 60%-дан астамы табиғи газдан келеді. Газ бағасының өсуі және тарифтің өсуіне әкеледі. Бұл жағдайлар жылу компаниясын тарифті көтеру туралы өтінішпен шығуға мәжбүр етеді, әйтпесе бізде газ үшін ақы төлейтін ешқандай қаржы көзі қалмайды. Оның ақыры тиісінше жылумен үздіксіз қамтамасыз ету мәселесіне алып келеді.

– Былтыр Әуежай шағын ауданындағы жылу қазандықтарында мәселе шыққан еді. Ол жөнделді. Енді басқа шағын аудандардың қыс ортасында жылусыз қалу қаупі жоқ деп айтуға бола ма?

– Тұрғындардың алаңдауына негіз жоқ дер едім. Өйткені, Әуежай шағын ауданындағы жылумен жабдықтау мәселесі осы ауданның топырақ ерекшелігінің болуына байланысты туындады. Жер асты суларының жоғары

деңгейі болат құбырлардың жедел шіріп кетуіне алып келді. Тиісінше істен шықты. Биыл шағын ауданда біз тозған құбырларды полиэтиленмен қапталған полиуретанды көбік оқшаулағышымен жаңаларына ауыстыру жұмыстарын аяқтадық. Енді құбыр сумен жанаспайды, тот баспайды және оның қызмет ету мерзімі артады. Қаланың басқа аудандарында жер асты суларының деңгейінде әлі мәселе жоқ, сондықтан мұндай жағдай қайталанбайды.

